

*ҚР қоршаған ортаға  
әсерді бағалаудың  
нормативтік  
құқықтық базасы*




Жаңа *Экологиялық кодексті* жүзеге асыру шеңберінде ҚР Үкіметі жаңа қаулы қабылдады, осы қаулыға сәйкес экологиялық шешімдер мен ластағыш заттардың қалдығына төленетін төлемдерді есептеу үшін лимиттерді анықтау барысында ескерілетін ластағыш заттардың саны едәуір азайды



. Бұл тізімде атмосфералық ластағыш заттардың 15 түрі берілген, оның қатарында SO<sub>2</sub>, NO<sub>x</sub>, ұшпалы органикалық қоспалар мен көмірсутегі және көміртегі тотығы, сонымен бірге су айдындарының 11 ластағышы бар. Бұған қоса, ШЫК бойынша аса қауіпті санатқа жататын «басқа да ластағыштар» тобы кездеседі. 2008 ж. бастап жаңа тізім ҚШК анықтауға негіз болады

Бүкіл мәтін бойынша "жануарлар мен өсімдіктер", "жануарлар мен өсімдіктерді" деген сөздер тиісінше "өсімдіктер мен жануарлар", "өсімдіктер мен жануарларды" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2012.01.25 [№ 548-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 [N 505-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 [№ 102-V](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 [№ 376-V](#) (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 [№ 407-V](#) (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 [№ 491-V](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.04.2016 [№ 505-V](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.04.2016 [№ 506-V](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.04.2016 [№ 506-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).  
Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 [N 505-IV](#) (алғашқы ресми "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" 2002 жылғы 11 наурыздағы Қазақстан Республикасының [Заңы](#) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54-күжат; 2004 ж. N 23, 142-күжат; 2006 ж., N 1, 5-күжат; N 3, 22-күжат).



"Экологиялық сараптама туралы" 1997 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 67-күжат; 1998 ж., N 24, 443-күжат; 1999 ж., N 11, 357-күжат; 2003 ж., N 14, 112-күжат; 2004 ж., N 23, 142-күжат);

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 17-18, 213-күжат; 1998 ж., N 24, 443-күжат; 1999 ж., N 11, 357-күжат; N 23, 931-күжат; 2001 ж., N 13-14, 171-күжат; N 24, 338-күжат; 2002 ж., N 17, 155-күжат; 2004 ж., N 10, 57-күжат; N 23, 137, 142-күжаттар; 2005 ж., N 7-8, 23-күжат; N 14, 57-күжат; 2006 ж., N 1, 5-күжат; N 3, 22-күжат);

"Атмосфералық ауаны қорғау туралы" 2002 жылғы 11 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 5, 54-күжат; 2004 ж. N 23, 142-күжат; 2006 ж., N 1, 5-күжат; N 3, 22-күжат).

Бұған қоса, Экологиялық кодекске сәйкес  
қалдықтың үш түрі кездеседі:

қауіпті

қауіпті  
емес

инертті

- 286-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтары және олардың түрлері
- 1. Өндіріс пен тұтыну қалдықтары қауіптілік дәрежесі бойынша қауіпті және қауіпсіз болып бөлінеді.
- 2. Осы тараудың күші:
- 1) пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде түзілген, олармен жұмыс істеу Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасымен реттелетін техногендік минералдық түзілімдерге;
- 2) радиоактивті қалдықтарға;
- 3) беткі қабаты эффузивті және интрузивті әртүрлі жастағы шөгінді жыныстарға (аршынды жыныстарға) қолданылмайды.
- Ескерту. 286-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.03 [N 505-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 [№ 271-V](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараңыз) Заңымен.

### *Ластауға қатысты төлемдер*

Ластауға қатысты төлемдер экологиялық рұқсатпен белгіленген шеңбердегі барлық қалдықтар үшін алынады. Белгіленген лимиттен артып түсетін ластағыштарға базалық тарифке он есеге тең жоғары айыппұл коэффициенті қолданылады. Рұқсатсыз экологиялық ластау нормативтен тыс ластау болып саналады және сәйкес деңгейде төленеді. 2006 ж. бастап «Экологиялық басқару стандарттары» ISO 14001 сәйкес сертификаттары бар компаниялар үшін төлемдер тарифі төмендетілді. Мысалы, электроэнергия өндіретін-компаниялар атмосфераға қалдық тастауға 12% жеңілдік және күл мен шылақты жоюға 5% жеңілдік алады. 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап бір айлық коршеткіш 2 121 тенгеге тең.

## ҚР СТ ИСО 14001-2006 «Экологиялық менеджмент жүйелері. Қолдану жөніндегі талаптар мен басшылық»

Бүгінгі күнде кәсіпорындардың қоршаған ортаға жағымсыз әсерін азайту керектігін ешкімге түсіндіру қажет емес. Батыс және қиыр шығыс елдерінде (Жапония, Оңтүстік Корея) ұйымның ISO 14001 стандарты бойынша экологиялық менеджменті жүйесімен басқару тәжірибесі әлдеқашаннан бар.

ISO 14001 – ұйымның экологиялық қызметін басқару үшін құрастырылған халықаралық стандарт. Бұл стандарт қоршаған ортаға әсер ететін ұйымның барлық процестерін тиімді етуге арналған. Жұмыс барысында ертеден бар және мүмкін тәуекелдер бағаланады, ұйымның экологиялық қызметін жетілдіру сызбалары дайындалады. Нәтиже – экономиялық өндіріс (материал, шикізат, энергия шығындарын азайту арқасында), оның сапасын арттыру, қайта өңдеу әдістерін түзету және қалдықтарды кәдеге жарату және т.б. Осылайша ұйымның экологиялық қызметі толық бақылауға алынады, ал ұйымның қызметі экономиялық болады.

ISO 14001 стандарты бойынша экологиялық менеджмент жүйесін енгізу және оны содан кейін сертификаттау ерікті іс болуына қарамастан, көпшілік Қазақстандық кәсіпорындар үшін бұл рәсімдерді өту – амалсыз шама, бұл шетелдік әріптестердің шартталған талаптары немесе мемлекеттік сатып алуларда (тендерлерде) қатысу шарттары. Дегенмен, ISO 14001 стандарттарымен таныса келе, Қазақстандық кәсіпкерлердің көпшілігі ISO 14001 сәйкестік сертификатының маңыздылығын ғана емес, экологиялық менеджмент жүйесін енгізу нәтижесінде айтарлықтай артықшылықтарын түсіне келеді.



Мердігерді таңдауда және мәміле жасауда өндірістің, өнімнің, қызметтің экологиялық қауіпсіздік өндірісі өзекті мәселелердің бірі болып есептелсе, ISO 14001 стандарттарына сәйкес экологиялық менеджмент жүйесін сертификаттау бизнес иелері мен кәсіпорын басшыларында танымалды болып келеді.

### **Экологиялық менеджмент жүйелерін сертификаттаудың артықшылықтары:**

- Қоршаған ортаны қорғау басқару жүйесін үздіксіз жетілдіру нәтижесінде шығынды үнемдеу;
- Ресурстарды (мысалы, су, электрқуат) өндіру процесінде ұқыпты қолдану;
- Қоршаған ортану қорғауда қажетті шараларды дайындық кезеңінде жүзеге асыру;
- Қоршаған ортаны қорғауда зерделік көзқарасына қатысты клиенттердің талаптарды орындауы (жеткізушіге рұқсат беру шарты) ;
- Қоршаған ортаға ұқыпты қарайтын қатысы бар ұйымның беделін иемдену;
- Қоршаған ортаға зиян әрекетін азайту;
- Бәсекелестер алдында артық болу, нақты айтқанда мемлекеттік сатып алуларға қатысқан кезде шартты баға шегерімін алу;
- Экологиялық менеджмент жүйесін ерікті дара міндетті түрде белсенді қолдану кәсіпкерлік қызметте жаңа мүмкіндіктер ашады және есепке алынбаған тәуекелдерден құтылуға мүмкіндік береді.

Су мен ауаның ластануы бойынша тарифтер су немесе ауаның ластағыш қалдықтарының «шартты тоннасына» қарай белгіленеді. «Шартты тонналар» қалдықтардың максималды жіберілетін (аймақтық) концентрациясын ескергенде оның көлемін реттеу арқылы есептеледі. Институционалық көзқарас тұрғысынан, қоршаған ортаны ластауға төленетін төлем тарифтері екі кезең бойынша анықталады. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заңның негізінде.



Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі 16 аумақтық бірліктің әрқайсысына минимальды немесе базалық тарифтерді анықтап берді. Осыған орай жергілікті билік өкілдері өзіндік аса жоғары тарифтерді белгілеуі мүмкін. Негізінен, қоршаған ортаның ласталуына төленетін төлемдер қоршаған ортаны облыс деңгейінде қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға арналған жеткілікті кірісті басты кіріс етіп алу қажеттілігінің негізінде жасалуы тиіс еді.



<b>Облыс</b>	<b>I санат</b> Аса қауіпті	<b>III санат</b> Орташа қауіпті	<b>V санат</b> Улы емес қатты
Ақмола	4 349	544	136
Ақтөбе	10 067	1 258	315
Алматы	5 273	659	165
Атырау	41 020	5 127 1	282
Шығыс Қазақстан	4 006	501	125
Қарағанды	3 835	479	120
Қостанай	2 739	342	86
Қызылорда	5 033	629	157
Маңғыстау	12 121	1 515	379
Солтүстік Қазақстан	3 321	415	104
Павлодар	4 383	548	137
Оңтүстік Қазақстан	4 622	578	145
Батыс Қазақстан	7 122	890	223
Жамбыл	4 109	514	128
Алматы қаласы	26 365	3 296	824
Астана қаласы	4 280	535	134
<b>Орташа арифметикалық (өлшенбеген)</b>	<b>8 915</b>	<b>1 114</b>	<b>279</b>

Экологиялық кодекске сәйкес ҚОҚМ қоршаған ортаның ластануына қатысты тек базалық қана емес, сонымен бірге шекті төлемдерін де анықтайды. Осыдан соң жергілікті билік өкілдері министрлікпен белгіленген шеңберде өзіндік қызмет етуші тарифтік төлемдерін өз бетінше белгілейді.

Жаңа ережелер өз күшіне 2008 ж. бастап енгізілді. 2006-2007 жж. қоршаған ортаның ластануына төленетін төлемдер жобаланып отырған 7% құрайтын орташа жылдық деңгейіне сәйкес өсіп кетті

*Сумен жабдықтау және канализацияға қатысты төлемдердің кірісі.*

Соңғы жылдары сумен жабдықтау қызметі бағаның біртіндеп көтерілгендігіне карамастан, түсімдер, орта есеппен негізгі капиталдың амортизациялануын есепке алмағанда коммуналдық су шаруашылығын пайдалану және техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға жұмсалатын шығынды ғана өтейді. Бұл тұжырым суға төленетін төлемдерді жүз пайызға жинаған күннің өзінде әділ болып қала береді.



### *Табиғи монополиялардың қызметін реттеу*

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңы (1998 жылы қабылданған) табиғи монополияларды бәсекелестік жағдай жасау немесе техникалық себептерге байланысты мүмкін емес немесе экономикалық жағынан мақсатқа сәйкес емес деңгей ретінде анықтайды. Жалпы алғанда, табиғи монополия үнемдеу мақсатында өндіріс масштабының өсу есебінен бүкіл нарыққа қызмет көрсетуге екіүшеу емес, бір компанияға ғана мүмкіндік берген ұтымды болғанда туындайды. Осыған сәйкес мысал – суды бөлу, оған өндірістік шығыстардың жалпы құрылымында белгіленген шығыстардың үлкен үлесі тән.



## *Тұтынушылардың қалдықтарды жинау мен әкетуге жасайтын төлемдері*

Қазақстан Республикасында қалдықтарды жинау және жою туралы жеткілікті мәлімет жоқ. Әйтсе де, өнеркәсіптік өндірістің сеніммен өсуіне және тұтыну деңгейінің артуына себеп болған шынайы кірістің елеулі түрде артуына қарай өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарының көлемі де бірден артты деп тұжырымдауға негіз бар.

Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды басқару жөніндегі және мониторинг, қалдықтарды өңдеу және пайдаға асыруды қосқанда, сонымен байланысты заңнама сияқты ұлттық стратегия әлі күнге дейін жасалмаған. Экологиялық кодекс (297 бап) қалдықтардың көлемін қысқарту және жою барысын арттыруға бағытталған ынталандырудың арнайы жүйелерін енгізудің құқықтық негізін қамтамасыз етеді.



297-бап. Қалдықтарды кәдеге жарату мен олардың құралу көлемін азайту жөніндегі іс-шараларды ынталандыру

1. Қалдықтардың құралу көлемін азайтуға бағытталған технологияларды енгізетін, өнім өндіру (жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету) процесінде қалдықтарды кәдеге жарататын, оларды жинау мен дайындауды, кәсіпорындар мен цехтар салуды жүзеге асыратын, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату үшін жабдықтар жасап шығаруды ұйымдастыратын, қалдықтарды кәдеге жарату мен олардың құралу көлемін азайту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға пайлық үлеспен қатысатын шаруашылық қызмет субъектілерінің қалдықтарды кәдеге жарату мен олардың құралу көлемін азайту және қауіптілік деңгейін төмендету жөніндегі іс-шараларын ынталандыру жүзеге асырылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар қалдықтарды кәдеге жаратуға және олардың құралу көлемін азайтуға ынталандыру жөніндегі іс-шараларды айқындайды.

Ескерту. 297-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.03 [N 505-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.



## *Автомобиль көлігіне салық төлемдері*

Автомобиль көлігі – Қазақстандағы ауаны ластаудың негізгі көзі. Соңғы жылдары жеңіл автокөлік, жүк автокөлігі мен автобустардың саны күннен күнге көбейіп, экономикалық белсенділіктің қарқындап дамуын және сонымен байланысты халықтың шынайы кірісінің артуын сипаттайды.




2003 ж. этилды бензин қолдануға ресми түрде тыйым салынды. Бұл 2000 жылдың басымен салыстырғанда мырыштың тасталуының төмендеуіне ықпалын тигізді. Дегенмен Қазақстанда көлемі жағынан аса үлкен қара нарықтың бар екендігін білдіре отырып, этилды бензин әлі де кеңінен қолданылатын сияқты

2007 ж. Қазақстанда автокөлік құралдарының қалдықтарына қатысты еуропалық немесе американдық стандарттарға карағанда неғұрлым жұмсақ ескі КОМС19 (ГОСТ) талаптары әлі де қолданылу үстінде. Құрамында миллионға тең 5.000 күкірт бөлігі кездесетін дизельді жағармай ішкі нарықта сатылған емес.



Бензин құрамында кездесетін күкірт 1 миллионға 1.000 бөліктен келеді. Салыстыру үшін, «Еуро 3» және «Еуро 4» стандарттарына сәйкес 2005 ж. белгіленген максималды күкірт бензиннің де, дизельді жағармайдың да құрамында 50 бөліктен болады.





**Евро-3** — [экологический стандарт](#), регулирующий содержание вредных веществ в [выхлопных газах](#) транспортных средств с дизельными и бензиновыми двигателями. Был введён в [Евросоюзе](#) в [1999 году](#) и заменён стандартом [Евро-4](#) в [2005 году](#).

Все транспортные средства, произведённые в [России](#) или ввезённые в Россию, начиная с 1 января [2008 года](#) должны удовлетворять требованиям стандарта Евро-3.

В [Казахстане](#) стандарт принят 1 января [2013 года](#), в [Азербайджане](#) — 1 июля [2012 года](#).

**Евро-4** — экологический стандарт, регулирующий содержание вредных веществ в [выхлопных газах](#). Введён в Евросоюзе в [2005](#) в качестве замены предыдущему стандарту, [Евро 3](#). В 2009 году заменён на новый стандарт — [Евро-5](#).

*Спасибо за внимание!*

